

ГТАХР 14.35.07.

## КӘСІПТІК БІЛІМГЕРЛЕРГЕ НОБАЙ ӨНЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Р.Б. Мизанбаев, Г.А. Калдыбаева*

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
[gulmariakaldybaeva@gmail.com](mailto:gulmariakaldybaeva@gmail.com)

Оқу процесінде студенттерге нобай салуды меңгерту қаншалықты қажет болса, соншалықты шығармашыл процесте де керек. Авторлар оқу үдерісіндегі нобай салудың техникасы және технологиясымен қатар, нұсқа арқылы нобай бейнелеудің мотивтеріне де тоқталады. Онда нобай түрлеріне, суретші-ұстаз, ғалымдардың нобай туралы айтқан нақыл сөздеріне де мән береді. Нобай сызу - жалпы өнердің негізгі түрі, оны меңгеруде, шыдамдылық жолында маңызы зор және үзбей айналысуды талап етеді. Нұсқадан нобай шығармашылығын меңгерген студентте тұтас көру және тұтас бейнелеу қабілеті артады.

*Түйін сөздер:* нобай, композиция, голография, қабілет, шығармашылық, акварельді нобай т.б.

**Кіріспе.** Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы орта білім мектептеріндегі білім беру жүйесі түпкілікті өзгеру үстінде. Болон жүйесіне көшкеннен бері, немесе жаһандану саясатының негізінде көптеген өзгерістер енуде. Соның бірі Орта білім беретін мектептерде бұрынғы бейнелеу өнері және сызу пәнінің орнына «Көркем еңбек технологиясы» сабағымен алмастырылды. Жаңа пән ұстазды жан-жақты өмір талабына сай қалыптасқан мұғалім етуді көздейді. Соның бірі - нобай өнері, осы өнерді шебер меңгерген ұстаз, «көркем еңбек технологиясы» бойынша да мықты өмір талабына сай маман болатыны сөзсіз. Демек өнерге келген студентке нобай өнерінің маңыздылығы оның алғашқы баспалдағы болып саналады. Нобай өнері жалпы суретке ғана керек емес, сонымен қатар кескіндемеге, мүсінге, композициялық полотноға, киімдер көрінісіне, тоқымаға, гобеленге, табиғат аясындағы пленэрге т.б. нұсқа арқылы бейнелеуде ауадай қажет. Нобай салу, нобай өнерінің қыр-сырымен таныс болған оны таза меңгерген білімгер, болашақта өзінің шығармашылық жобаларында еркін қимылдап, игерген ептілік қабілеттерінің арқасында тың туындылардың жарқын бейнесін өмірге шынайы дәлдікпен өндіре алуына көмектеседі.

**Негізгі бөлім.** Қазақстан Республикасы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз оқушылардың қабілетін айқындап кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшіуіміз керек»- деген [1; 3]. Алайда бұл саясат болашақ ұстаздардың да міндеті. Бүгінгі студент, әсіресе, Кәсіптік білім алушыларға ауадай қажет, өйткені болашақ шәкірттеріне кәсіптік маман таңдауда оларды баулуда, өз заманының мықты маманы болуда ұйытқы болатыны сөзсіз. Қазіргі таңда «Кәсіптік білім» бағытымен ЖОО арнайы орта мектептерге арнап болашақ ұстаздарды дайындауда. Алайда көркем еңбек аясында кесте тоқу, ши тоқу, гобелен, киім пішу т.б. мамандарды оқытудамыз. Бұл бір жағынан жақсы, екінші жағы сурет салу, бейненің эскизін жасау, қол шеберлігі, нобай жасау, көркем ойды қағаз бетіне түсіру, шығармашылық бағытпен бейнелерді еркін жасай білу артта қалып барады. Сондықтанда Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіндегі Кәсіптік білім кафедрасы өз шәкірттеріне бейнелеу өнерінің қасиеттілігін бірінші жолға қойып, осының нәтижесінде көптеген проблемаларды қажеттілігіне қарай шешу үстінде. Шәкірт өзінің қиялынан туған жаңа бейнені қағаз бетіне еркін түсіре алуымен қатар, игілікті ойды, құбылысты бүгінгі өмір шындығымен байланыстыра отырып, эстетикалық тұрғыда айқындап анықтау үстіндеміз. Әрине айтуға оңай, ал іс жүзіне келгенде бұл мәселе шешімін іздейтін методикалық, педагогикалық шығармашылықтың маңыздылығы өте жоғары жағдай.

Бізді қоршаған табиғаттағы денелердің кез-келгені болмасын барлығында да өзіне тән пішіні, композициясы, дизайны, түсі, қимыл іс-әрекеті болады. Оны алдымен өнер адамы байқайды. Мәселен, осыдан бірнеше жыл бұрын Есіл маңынан археологтар қазба жұмысында Алтын адамды тапты, қаншама ғасыр бұрын жасалынған Алтын адамдағы бейне, оның суреті дизайндық шеберлігі, әсіресе мал-жануарлардың мүсіндерінің көріністері, тұтас бейнесі, әрбір бөлшегіндегі тапқырлық суреттері, бейненің тұтастық көрінуі, адамға деген эстетикалық көрінісі ұлы шебердің қолынан туған қайталанбас дүние. Бұның өзі адаммен табиғат егіз екендігі, адам өсу үстінде барлық кезеңде өз өнерін ұштастыра алатындығының көрінісі. Өнер иесінің шеберлігінің өзі табиғаттан алатындығын көрсетеді. Табиғаттағы бейне бір бөлекте, ал шебер қолынан өңделіп шыққан бейне әсерлі де және одан шыққан бейне

шығармашылдық жолмен жасалынып тартымды көрінеді. Сондықтан сурет өнеріне әсіресе табиғат, адам баласына қозғаушы күш ретінде қажет. Өмірді қоршаған табиғаттағы денелер немесе адам қолынан жасалынған бұйымдар болатыны белгілі. Осы табиғи денелер, әсіресе оқушыға, студентке кәсіптік бағдарлама бойынша білім алушыларға ауадай қажет. Оның шығармашыл жолдағы композициялық өзгешеліктері, эстетикалық түр, түсі, адамды эмоциялық көңіл күйге бөлеуі бір бөлек т.с.с. оның өнердегі шеберлігінің арқасында келеді. Нобай өнері алдымен өнер адамына «тұтас көру, тұтас қабылдау» теориялық категорияны немесе заңдылықты қалыптастырады.

Тұтастық деген- голограмма әр құрамдас бөлікте кездесетін құбылыс болып табылады. Нобель сыйлығының иегері Денис Гарбор 1947 жылы «голография эффектісін» ашқан [2; 86]. Нобай өнерін де осы ғылымның негізінде көз арқылы қабылдай аламыз да, қол арқылы ойымыздағы бейнені көрсетеміз. Денис Гарбордың «голография эффектісі»- деп отырғанымыз, физикалық дене тұтас бөлік, алайда сол бөліктің ішіндегі кіші бірнеше бөлшектердің бір-бірімен физикалық тұрғыда байланысуы, яғни бүтіндей үлкен физикалық бөлшекке тигізетін әсері. Демек, «голография эффектісі» табиғаттағы кез-келген әрбір физикалық денелерде үнемі кездесіп отыратын құбылыс. Мысалы, қарапайым адам алыстағы өсіп тұрған ағашты, қандай ағаш екендігін тани алмайды, оны жай ағаш ретінде немесе тал екен деп қабылдайды. Жақын келе ол «голография эффектісі» бойынша сол ағаш қандай ағаш екендігін ажыратады, мүмкін ол жеміс ағашы немесе емен, қайың, қаратал, өрік ағаштары шығар!? т.с.с. Себебі, оның ішкі құрылымындағы жапырақтары, бұтақтары адамға қандай өсімдік ағашы екендігін дәл анықтауға кіші бөлшектерінің жиынтығы сол ағаштың түрінен, келбетінен, құрылымынан хабардар етеді. Бұл жерде студентке нұсқа арқылы бейненің нобайын сызғанда да осы құбылыс ауадай қажет.

Нобай өнері - Еуропа, Ресей елдерінде ерекше дамыған өнер. Ал қазақ елінде біз айтар едік Шоқан Уәлиханов дәуірінен, яғни XIX ғасырдан басталады. Оның Қашқарияда жасырын зерттеу жұмыстарындағы нобай өнерінің үлгілері, шеберлігі, нұсқаларды таңдауы, нобай сурет өнеріндегі алуан түрлі мәселелерге суретшінің көзқарасы бүгінгі күнге дейін үлгілі жайт. Жалпы алғанда кез-келген өнер адамы нобай салуды меңгеру мәселесіне соқпай кете алмайды. Демек, бұл - аксиома, кез-келген өнердің бастамасы. Нобай өнеріне машықтанбай, кез-келген шығармашылық іс-әрекет алға жылжымайды.

Өнер тарихы немесе суретшілер шығармашылдық жолдарына көңіл бөлетін болсақ, Қазақстан, Ресей, Еуропа т.б. елдердің кез-келгені жаңа туындыны бастамас бұрын өз ойындағы композициялық бейнені нобай арқылы эскизге түсіреді, ол бірнеше бағытта болуы мүмкін. Ф.В.Фуртай нобай өнерінің қажеттілігін Леонардо да Винчидің, Альбрехт Дюрердің шығармашылық еңбектерін зерттей келіп былай дейді: «Осы уақыттан кейін бейнелеу өнеріндегі шимай сызбала таза көркемдік үлгі болып қалады, шығармашылық кезеңдер процесінде әртүрлі пішіндердің көрінісі» дей келе, «Осындай шимай сызбаларды Қайта өрлеудегі барлық суретшілер көп қолданған, ең бастысы белгілі пысықталынған шимай сызбаларды (ботаникалық және анималдық) біз бейнелеу өнерінің үлкен теоретигі, сол кезеңнің ұлы шығармашыл Альбрехт Дюрер еңбектерінде кездестіреміз» [3; 3]. Бұл жерде «черновиками» деген сөз суретшінің нобайлары, яғни шимай сызбалары жылдам эскиз ретіне салынған суреттері болып отыр. Демек, алғашқы сюжеттік ойды нобайлардан немесе тиянақталып шешілген эскиздерден көрініс тапқан бейнелерге автор ерекше көңіл бөліп отыр. Бір топ нобайлы эскиздердің арасынан өз ойын толық аша алатын эскизді бейнені таңдайды. Бұл нобайлы эскизді бейне, суретшінің қиялынан немесе тікелей нұсқадан тууы мүмкін. Нобай өнерінің маңыздылығын суретшілердің қол жазбалары мақаладан, монографиядан, әртүрлі ғылыми кітаптардан көптеп кездестіреміз. Соның бірі итальян суретші-ғалымы Леонардо да Винчи бастап, көптеген ғұлама суретші-педагогтар Ченино Ченини, Дюрер, Веласкес, Н.Н.Чистяков, И.Репин, В.Суриков, К.Коровин, Қ.Телжанов, С.Романов, С.Мамбеев, У.Ажиев т.б. болды. Нобайды жылдам салу технологиясын меңгеру аз уақыттың ішінде бола қоймас, алайда бұған машықтану ұзақ уақытты талап ететін процесс. Ұзақ уақтылы тәжірибесінің арқасында келеді, сондықтанда күнделікті еңбек, қолдан блокнот пен карандаш түспеуі абзал. Соның арқасында еңбекқорлық түбі технологиялық іс-әрекетті меңгеруге суретші ретінде талаптылыққа жол ашады. Болашақ кәсіптік білім беруші ұстаз нобай өнерін егжей-тегжей білгені абзал және де шығармашылық педагогикалық жолда оның қажеттілігін ұмытпағанымыз жөн. Бейнелеу өнеріндегі нобай негізінде үш түрге бөлінеді. **Оқып үрену нобайы**, сабақ процесі негізінде, нобай өнерінің қыр-сырын, қалай салынуын, оның әдістемелік жолдарын ұғыну, үйрену мәселесі қаралса, ал **жаттығу нобайында** әрбір оқытылған жаңа нұсқаның көрінісін, көлемін, оның мінездемесін анықтаудағы іс-шараларды қамтиды. **Шығармашылық нобайы** белгілі бір тақырыпта сюжеттік композиция құру кезеңінде бір топ кейіпкерлердің қимыл іс-әрекеттерін анықтау, нақтылау мақсатында ізденіс нобайлар жасалынады, демек шығарманың өзекті деңгейін анықтау барысындағы нобай. Нобайлар әртүрлі құрал-саймандар немесе көптеген материалдардың арқасында орындалуы мүмкін. Айталық, акварель бояулар арқылы

орындалған *акварель нобайы, күйемен салынған нобай, карандаш, қаламұш, контурлық нобайлар, түсті нобай, композициялық нобай, қиял арқылы орындалған нобай* т.с.с. болып бөлінеді. Нобай суретімен шұғылданған әрбір студент нұсқаны қабылдауы, тұтас көруі, сезіну жүйелері артады. Сонымен қатар қол ептілігі артуымен қатар, көру көз қапері күшейе келіп, студентті шығармашылық бағытта тәрбиелеу процесі басталады. Бұл мәселені студенттің өзі сезінбеуі мүмкін, дегенмен іс-тәжірибенің арқасында нобай өнері автоматты имплицивті түрде қалыптасып, оқу процесіндегі үлгерімді жақсартуға және де өз бетінше шығармалық туындылар жасауына ықпал етеді. «Имплицивті қарым-қатынас жаңа дағдыларды қалыптастыратын практика нәтижесінде баяу өзгереді» [4; 59]. Жоғарыда айтылғандай нобай өнеріне машықтану және игеру ұзақ уақытты талап етеді.

Өнер тарихында өзіндік орны бар Э.Делакура нобай бейнесін жылдам салудың маңыздылығы туралы төмендегідей пікір білдірген: «Если вы способны сделать наброски человека, падающего из окна четвертого этажа, за то время, пока он долетает до земли то вы никогда не достигните чего либо значительного» [5; 56]. Осы ойды итальян суретшісі Леонардо Да Винчи өз шығармашылық тәжірибесінде көптеп пайдаланған. Биік жардан бірнеше иттерді секіртіп, аяқтары келесі жазықтыққа тигенше иттер тұлғасынан нобайлар салып жаттыққан. Өйткені неғұрлым жылдам салынған нобай суретінде, соғұрлым шығармашылық көзқарас артып, нұсқаның нақты образын беретін айшық жақтары ұсталынып бейне ұтымды шығады.

Американдық дизайнер Лэнс Хоузи «Жасырынды сызықтар: Графикалық стандарттағы жыныс, нәсіл және дене» деген сараптау мақаласында былай дейді: «Графикалық стандартсыз бірде-бір архитектор бола алмайды, архитектурадағы тәжірибесі арқылы қаруланады және міндеттелінеді»- дей келе, жалпы суретшіге төмендегідей ой салады. «... Біріншіден, дененің мәдениеттілігіне және осыған орай тиесілі тарихи көзқарастарға қарап отырып, екіншіден, графикалық стандарттардың әдістемелік айырықша қажеттілігін ажырату» [6; 101]. «Графикалық стандарт» архитектура саласында маңызды роль атқарады. Бір жағынан уақыт талабына сай өлшем болса, екінші жағынан этикалық, мәдениеттілік, тарихи құбылыстардың көрінісі. Ауқымы үлкен объектіде өзінен басқа, оның құндылығын арттыру мақсатында адамдар, жануарлар, өсімдіктер, мүсіндік денелер енер болса, онда өзінің орнын алар тарихына байланысты, мән мағынасына орай графикалық стандартқа сай көлемі жағынан үлкен орын алады. Демек, нобай өнері архитектура, графика, мүсін, т.б. толып жатқан шығармашылық суретші адамдарға әдемілікке, көркемділікке тәрбиелеуде олардың ой өрісіндегі мазмұнды туындының әсерлі шығуына жол тартады. Жалпы нобай өнері және эскиз немесе алғашқы қалыптасу белгілі бір тақырыптағы ойды суретші қағаз бетіне әртүрлі сызықтар арқылы, шимақ эскиздердің көмегімен нақты аяқталған көріністерін топшылайды.

Болашақ тігін шебері өзінің жаңа шығармашылық еңбегінде маталы бейненің адам денесіне тұтас көрінуі оның кіші бөлшектерінің ірі бөлшектерімен осы арқылы оның формасының, моделінің эффектiлiгi, эстетикалық көрінуі тігін өнерінің қолында. Олай болатын болса шығармашыл адам өзінің тұтас қабылдау, тұтас бейнелеу қабілетін нобай өнері арқылы белгілі бір деңгейде дамыта алады. Біздің университетімізде «қол өнер» мамандығымен қатар «тігін» мамандығы да оқиды. Тігін мамандығы бойынша арнайы сурет пәнін енгіздік. Бұндағы мақсат болашақ мектеп ұстазы көркем еңбек технологиясы бойынша этика, эстетика, әдемілік, көркемділік, тұтастық дегенді түсінуі және меңгеруі үшін, ол үшін алдымен студенттердің өнерге деген қабілетін арттыруымыз және болашақ маманның жеке шығармашылық ой өрісін дамыту, дизайнерлік көзқарасын қалыптастыру қажет. Осы мамандық бойынша алдымен нобай техникасы оның технологиясын меңгеру, нобай түрлері, олардың көркем бейнеде салу және білу т.б. Адамдардың түрлі қозғалыста көрінуі, олардың нұсқада да, ойда да, қиялда да сала білуі мен образдың көркем бейне көріністерін таба білуінде. Артур Шопенгауэр суретшілерді «туа біткен қабілет»- деп былай суреттейді «Суретшілер әлемге өзінің көзімен қарауға мәжбүрлейді, оның көзі сондай сипатта бейнелеп, бүкіл заттың мәнін олардың өзара қатынасынан тыс тануы кеменгердің бойында ғана бар ерекше туа біткен қабілет» [7; 170].

Нобай өнері адам баласында туа біткен немесе өмірде пайда болған қабілет деп біз бөлмей ақ қояйық. Дегенмен де жалпы өнерді кез-келген адам баласы игере алады. Ол қандай мөлшерде ол адамның өзіне байланысты. Өнердегі тәжірибесі және өнерге деген әр адамның ынта жігеріне байланысты. Бұл жерде ұстазға да тікелей байланысты. Ұстаздың өзі мықты шебер иесі болғаны абзал. Осы туралы профессор Г.В. Беда былай деп жазады. «Обучать изобразительной грамоте, развивать творческие способности может лишь такой художник-педагог, который сам владел профессиональным мастерством и занимается творчеством» [8; 47]. Студент берілген тапсырманы жылдам шапшаң түрде қағаз бетіне түсіруі, көруі, қол қабілетінің икемділігін нобай өнерінде нақтылануы нұсқадан қажеттілігі маңызды керекті тұстарын ала отырып, оған шығармашылық тұрғыда шешу мәселелерін алға қойдық.

Өйткені осы мамандықта бұрын соңды бейнелеу өнері пәндері өтілмегендіктен, ал тігінмен міндетті түрде айналысқаннан кейін оның түрі, түсі, пішіні, дизайндық көрінісінің барлығы шығармашылық бағытында болғандықтан, жалпы осы мамандықтың өзінен өзі нобай өнеріне сұранысқа ие болып тұр. Нобай өнерін қанық меңгерген студент жұмысы эстетикалық талапқа сай келеді.

«Эстетикалық талапқа тұтынушы аса назар аударады. Оның формасына, түсіне, материалдық өңдеуіне пішініне т.б. талап етеді. Мұның өзі жаңа үлгі мақсатына, модасына сәйкес келіп, адам тұлғасымен қоршаған ортамен тұтастығы үйлескен жағдайда ғана ерекше көзге түсуімен туындайды» [9; 13]. Тігінші - өнер иесі, өз қолынан туған кез-келген дүниелерге шығармашыл бағытта қарайды. Ал қабылдауы, оның қысқа мерзімде қажетті құбылыстарға көңіл бөлуі де, қажетсіз бөлшектерді қаперіне ілінбейтіні шығармашыл бағыттың бірі болып саналады. Осындай деңгейде нобай өнерін меңгеруі, ол - суретші-педагогтің күнделікті еңбегі. Бұл үшін кафедра студенттерін нобай өнеріне қызықтыра білуіміз керек, тапсырмалар, жүктемелер арқылы эскиздерде, қысқа мерзімді суреттерде нобай өнерін кеңінен насихаттау, талап ету арқылы қол жеткізуге болады.

Айова штатындағы университетіндегі американ ғалымдары Маргарет Грэм, философия докторы Кэтрин Ханниган және Паула Курран өздерінің «Композициядағы визуалды дизайн» мақаласында қысқ және түзу сызықты дизайндағы формаларға суретші жасап жатқан бейненің характерін немесе кейпкердің өмірдегі орнын көрсете алады деген. Бұл жерде авторлар суретшінің кейпкердегі образын, бет-бейнесін табудағы нобай өнерінің ұшқырлығын айтуда. «Абстракциялық бейнелеу суретші немесе дизайнер өз еңбектерінде болашақ жаңа көзқарасты қалыптастыруда сызық, түс, пішін, кеңістік элементтерінің қажеттілігі, қажетсіздігі құрылыс блоктарының негізі болып саналады»- дей келе сызықтар туралы «екінші жағынан, түзу сызықты пішіндерді механикалы немесе жасампаздық деп ұсынады. Қысқ немесе түзу сызықты пішіндерді қолдану адамдарды бейнелеуде, олардың мінездерін немесе жеке тұлғалықтарын көрсетілуінде ұсынылуы мүмкін» [10; 24].

Шығармашылықтағы нобайды суретші сызығы, түрлі-түсті бояулары кеңістіктегі көлемді көрсетуде өзінің тақырыптағы бейнелерге кеңінен қоса алады, яғни ойындағы образды шығару үшін қолындағы құрылыс материалдарын қолдана алады. Тігінде, тоқымада шығармашылық жобалу іс-әрекетінде түрлі материалдық денелерден (ағаш, темір, тері, қыш ) бұйымдар жасауда оның болашақ көрінісі міндетті түрде дизайндық келбет алатыны сөзсіз. Адамның киімі, қолданыстағы бұйымы барлығы да суретшінің дизайндық үлгісінен айналып өте алмайды, өйткені онда заманына байланысты образы бар.

Қорыта айтқанда, нобай өнеріне болашақ білімгерлерді баулуда суретші-педагог алдымен қажеттілігін насихаттау, оны көрсете білу процестерін меңгерту және шығармашылық бағытта әрбір студент, оқушыны тәрбиелеу. Нобай өнері кез-келген шығармашыл бағытта әрекет ететін адамға міндетті түрде қажет. Осы бағытта оқытушы-педагогтер нобай өнерімен қарулана отырып, әрбір ісін осы саламен ұштастыратын болса, онда болашақ маман өз іс-әрекетін шығармашылық көзқараспен орындайтыны анық. Сонымен қатар студенттер орындаған нобай өнері үлгілерінде ұсынып отырмыз.

### Студенттердің сабақ барысындағы орындалған нобайлары




Автопортрет. Р.Мизанбаев



3 - курс студенті Мұсатай Ш.



Эскиз. 3 - курс студенті С.Нұрғалиева



Этюд. 3 - курс студенті Г.Икрамжанова



Этюд. Г.А. Калдыбаева

Эскиз. 3 - курс студенті А.Молжигитова



Эскиз. 3 курс студенті А. Молжигитова

#### Пайдаланынған әдебиеттер

1. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Айқын газеті. №134 (3599) 3.09.2019.
2. Ахметжанова К. (2005) Этностық қауымдастықтардың біртұтастығының қалыптасуы. Ізденіс. №2.

3. Фуртай Ф.В. (2016) Роль черновика в европейском изобразительном искусстве: функциональная эволюция и формальные метаморфозы. //Обсерватория культуры. Т. 13, № 3, сс. 330-338
4. Майерс Д. Г., Туенж Ж. М. (2018) Әлеуметтік психология. Астана, 2018. – 648 б.
5. Делакруа Э. (1960) Мысли об искусстве. Москва. – 282 с.
6. Lance Hosey. Hidden Lines: Gender, Race, and the Body in Graphic Standards. Journal of Architectural Education, pp. 101–112
7. Хесс Р. (2018) Философияның таңдауы 25 кітабы. Астана. - 359б.
8. Беда Г.В. (1986) Живопись. Москва.
9. Рахметова Н.Б. (2019) Тігін бұйымдарын құрастыру. Оқулық. Алматы.
10. Margaret Graham, Katherine Hannigan, Paula Curran (2005) Imagine: Visual Design in First-Year Composition. Journal of Visual Literacy. Volume 25, Number 1, 21-40

### **Значимость наброска в обучении студентов специальности «профессиональное обучение»**

***Р.Б. Мизанбаев, Г.А. Калдыбаева***

Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Қазақстан  
[gulmariakaldybaeva@gmail.com](mailto:gulmariakaldybaeva@gmail.com)

Освоение эскизов необходимо студентам как в учебном процессе, так в первую очередь в творческом процессе. Авторы разъясняют техники, технологии и мотивы создания набросков в учебном процессе. Анализируются виды набросков, приводятся высказывания различных художников-педагогов об искусстве набросков. Создания набросков – это особый вид искусства, требующий терпения и ежедневного труда для развития умений и навыков. Освоение этого вида творчества вырабатывает у студентов целостное видение при изображении натуры.

**Ключевые слова:** набросок, композиция, голография, способности, творчество, акварельный набросок.

### **The importance of sketch art for students of the specialty "professional training»**

***R. B. Mizanbaev, G. A. Kaldybaeva***

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan  
[gulmariakaldybaeva@gmail.com](mailto:gulmariakaldybaeva@gmail.com)

Mastering sketches is necessary for students both in the educational process and primarily in the creative process. The authors explain the techniques, technologies, and motives for creating sketches in the educational process. The types of sketches are analyzed, and statements of various artists and teachers about the art of sketches are given. Sketching is a special art form that requires patience and daily work to develop skills. The development of this kind of creativity gives students a holistic view of the depiction of nature.

**Keywords:** sketch, composition, holography, abilities, creativity, watercolor sketch.

Поступила в редакцию 08.01.2020